

**"Жерүсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер және салық салу объектілері, олардың орналасқан жері, арнайы су пайдалануға берілген рұқсаттар, су пайдаланудың белгіленген лимиттері, су пайдаланудың рұқсаттары мен лимиттеріне енгізілген өзгерістер туралы, Қазақстан Республикасының су заңнамасының сақталуын тексерулер нәтижелері, Қазақстан Республикасының су заңнамасының сақталуын тексерулер нәтижелеріне шағым жасау бойынша сот шешімдері туралы, жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер мен салық салу объектілері туралы, орманды пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер мен салық салу объектілері туралы, табиғи ортадан өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын алып қою туралы шешім қабылданған кезде орманды пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер және салық салу объектілері туралы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер және салық салу объектілері туралы мәліметтер нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 26 наурыздағы № 404 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 31 мамырдағы № 508 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 2 маусымда № 22902 болып тіркелді

#### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жерүсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер және салық салу объектілері, олардың орналасқан жері, арнайы су пайдалануға берілген рұқсаттар, су пайдаланудың белгіленген лимиттері, су пайдаланудың рұқсаттары мен лимиттеріне енгізілген өзгерістер туралы, Қазақстан Республикасының су заңнамасының сақталуын тексерулер нәтижелері, Қазақстан Республикасының су заңнамасының сақталуын тексерулер нәтижелеріне шағым жасау бойынша сот шешімдері туралы, жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер мен салық салу объектілері туралы, орманды пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер мен салық салу объектілері туралы, табиғи ортадан өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын алып қою туралы шешім қабылданған кезде орманды пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер және салық салу объектілері туралы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер және салық салу объектілері туралы мәліметтер нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы

министрінің 2018 жылғы 26 наурыздағы № 404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16707 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер мен салық салу объектілері туралы мәліметтер нысаны осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2021 жылғы 31 мамырдағы  
№ 508 Бұйрығына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2018 жылғы 26 наурыздағы  
№ 404 бұйрығына  
2-қосымша  
нысан

Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер және салық салу объектілері туралы мәліметтер Есепті кезең 20\_\_ жылғы \_\_ тоқсан

Индексі: \_\_\_\_\_

Кезеңділігі: токсандық

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган және жергілікті атқарушы органдар

Қайда ұсынылады: аумақтық мемлекеттік кірістер органдарына

Ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-і күнінен кешіктірмей

№	Төлемақы төлеушінің атауы (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) заңды мекен-жайы (орналасқан жері)	Резидент ( бейрезидент )	Бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі	Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші бойынша коды	Жануарлар дүниесін пайдалану жері	Рұқсат құжаттың нөмірі, күні немесе бұзушылық хаттамасының нөмірі, күні	Рұқсат құжатының қолданылу мерзімі	Бағалы жануарлардың түрлері	Төлөм, т
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
	ЖИЫНЫ:								

### Кестенің жалғасы

Табиғи ортадан алынған жануарлар туралы мәліметтер	Өлшем бірлігі ( дана, килограмм, тонна).	Жануарлар саны ( салмағы) (дана, килограмм, тонна).	Зиян келтірген әрбір бастың, бір килограммы үшін өтеудің мөлшері ( АЕК*)	Бюджетке төленуі тиіс төлемақы сомасы (10-баған x 12-баған) немесе бюджетке төленуі тиіс залал сомасы (12-баған x 13-баған)
11	12	13	14	

### кестенің жалғасы

Оның ішінде:	"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 583-бабы 2-тармағында көзделген тәртіппен ағымдағы жылғы кәсіпшілік балық аулау объектілерін алып қоюға арналған квоталар бойынша 350 еселік АЕК мөлшерінен асып кеткен жағдайда кәсіпшілік балық аулау объектілері бойынша бюджетке төленетін төлем сомасы (10-баған x 12-баған )			
қолма-қол ақшамен енгізілген	екінші деңгейдегі банктер немесе б а н к операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыратын мекемелер арқылы енгізілген	Төлемнің төлеу мерзімі ағымдағы жылғы 25 желтоқсанға дейін	Төлемнің төлеу мерзімі – квота берілген жылдан кейінгі жылдың 25 наурызына дейін –	Төлемнің төлеу мерзімі квота берілген жылдан кейінгі жылдың 25 маусымына дейін –

сома	төлем құжатының № және күні	сома	төлем құжатының № және күні	– ағымдағы жылы берілген жалпы квотаның 20%	ағымдағы жылы берілген жалпы квотаның 40%	ағымдағы жылы берілген жалпы квотаның 40%
15	16	17	18	19	20	21

\_\_\_\_\_ (Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану \_\_\_\_\_ (қолы, мөр орны)

саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның немесе жергілікті атқарушы органдары басшысының немесе оны алмастыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

\_\_\_\_\_ (Мәліметтерді жасауға жауапты лауазымды тұлғаның тегі, аты, \_\_\_\_\_ (қолы) әкесінің аты (ол болған кезде)

Жасалған күні 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Ескертпе: \*АЕК- айлық есептік көрсеткіш